

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**Абдуалим Алимкулов**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының 2- курс студенті

Ташмухамедова Ильмира

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының «Гуманитар пәндер факультеті» тьюторы

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6695474>

Аннотация. Зерттеу барысында алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін мынандай әдістер басшылыққа алынады: жүйелік талдау, салыстыру, статистикалық сипаттама, бағалау, қорыту әдістері қолданылды.

Кілім сөздер: фразеология, қазақ тілі, тұрақты тіркес, зерітмелу.

PHRASEOLOGY IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The following methods were used to solve the research problems: system analysis, comparison, statistical description, evaluation, generalization.

Keywords: phraseology, Kazakh language, regular expressions, research.

ФРАЗЕОЛОГИЯ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Для решения задач исследования использовались следующие методы: системный анализ, сравнение, статистическое описание, оценка, обобщение.

Ключевые слова: фразеология, казахский язык, регулярные выражения, исследование.

КІРІСПЕ

Тіл мен халық – біртұтас. Тіліне қарай ұлтын тану – ежелгі дағды. Ұлттық ерекшеліктің бастысы да–тіл. Халқымыздың ұлттық санасын, сапалық белгілерін айқындай түсетін неше түрлі әдет-ғұрып, салт-сана, мінез-құлық, қасиет-қалыбы тілдік танымында тікелей көрініс тапқан. Өмірдің барлық саласын қамтитын ішкі мазмұн байлығымен көзге түсетін, тілімізге бейнелі де мәнерлі рең үстейтін, күрделі құрылым-құрылысы бар фразеологизмдер – ана тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін тұлғалар. Олар тіл элементтері ішінде өзінің ұлттық нақышы мен көзге түседі. Фразеологизмдер сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де көп қолданылатын тілдік материал. Фразеологиялық тіркестер қай қайсысы болмасын бәрі де алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қолданылған. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын күрделі түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (грек. phrasis сөйлемше және logos сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді. Фразеологизм тұрақты тіркестер – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына білдіретін сөз тіркестері. Фразеологизм – тіл-тілдегі фразеологиялық жүйенің қазіргі қалпын, тарихи қалыптасуы

мен даму жолын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Фразеологияның қазақ тіл білімінде өзіндік зерттелу жолы, қалыптасқан жүйелі көзқарастары бар. Қазақ тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып келе жатқан фразеологизмдерді оқып, танымайынша тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес.

Кез келген елдің фразеологиясы – аса құнды лингвистикалық мұра. Мұнда сол халықтың дүниетанымы, ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, сенімі, қиялы және тарихы бар. Қазақ халқы даналығын, дүниетанымын, көзқарасын тіліне сыйғыза білген, сөзді үнеммен дәл де нақты қолдануды дағды еткен. Осы орайда өзінің образдылығымен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін фразеологизмдерді қолдануды ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы. Фразеология – соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән. Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде еліміздегі фразеологизмдерді құрылысына, мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп, топтастырады және жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді. Сонымен қатар ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді, жаңа фразеологизмдердің қалыптасуы мен баю жолын аңғартады. Лингвистикалық пәндер сөйлемді дұрыс құрып, қалай жазуды, тыныс белгілерін қоюды оқытып үйретеді. Ал тілдік тәсілдерді өткір, нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану, жалпы тіл мәдениетін арттыру сияқты мәселелер стилистиканың үлесіне тиеді. Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тіліміздегі атқаратын қызметіне, оның қолдану заңдылықтарына баса көңіл бөледі.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалу жолдары, түрлері, топтастырылуы жайындағы негізгі пікірлер қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы І.Кеңесбаев пен К.Ахановтың еңбектерінде берілгені белгілі. Фразеологизмдердің құрылымдық, семантикалық табиғатын, стилистикалық қызметін, мақал-мәтелдерге қатысын жан-жақты түсінуде М.М.Копыленко, А.Қайдаров, А.Байталиев, С.Төлекова, Р.Жайсақова, Х.Қожахметова, М.Жақышбеков, Р.Сарсенбаев т.б. зерттеулерінің мәні зор. Соңғы кездерде қазақ фразеологиясы тек теориялық тұрғыда емес, сонымен бірге тәжірибелік қолданыс тұрғысында да зерттеліп келе жатқаны байқалады. Бірақ бұл зерттеулердің қай-қайсысында болсын негізінен әдеби тілдегі тұрақты сөз тіркестері талданған. Тұрақты сөз тіркестерінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында актуалды проблемелердің бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені, фразеология – тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Фразеологизмдердің морфологиялық құрылысын, синтаксистік қызметін, семантикалық категориясын анықтап, мағыналық жағынан топтастыру, яғни олардың табиғатын ашу бүгінгі күн талабы болып отыр.

Талқылау: Фразеологиялық бірліктердің мағыналық құрылымын, грамматикалық сипатын, қалыптасу және турлену, жасалу жүйесін қарастыру. Фразеологияның негізгі зерттеу нысаны – фразеологиялық бірліктер, бұлардың – мәні мен мазмұны, ішкі мағыналық құрылымы ерекше талданып, фразеологиялық бірліктердің мағыналық құрылымының ерекшелігі – бағалауыштық, модальдік қызметінің болуында.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады;

2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады;

3. Мағына бірлігі сақталады;

4. Екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмнің қай-қайсысы болмасын бәрі де ең алғаш халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер алдымен адамдардың ой-сезімін, ара қатынасын, өмір тануын білдіреді. Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет, әсіресе жағымсыз образдарды сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сезіледі. Мысалы: «түйе үстінен сирақ ұйту», «жүн қырыққан», «ит екеш итке де бір сүйек қарыздар», т.б.

Фразеологияны зерттеу арқылы тек тілдің өткенін, түп-тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін білуге болады.

Қазақ тіл білімінде фразеология мәселелері ХХ ғасырдың 40-жылдарынан зерттеушілер назарына ілігіп, тілдік тұрғыдан зерттеу объектісіне айналды. Дегенмен, қазақ тілінің сұлулығы мен өткірлігіне, образдылығына ерекше назар аудару бұдан ертерек басталған еді.

Фразеологияны дербес пән ретінде қарастыру туралы ой тастап, түркі тілдес халықтар тіл білімінде осы мәселеге байланысты зерттеудің тууына игі әсер еткен, қазақ фразеологиясының мәселесімен шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізген, сол жайында еңбек жазған І.Кеңесбаев болды. Академик І.Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білуде мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты «үш белгіге немесе үш критерийге сүйене отырып, бүкіл қазақ тілі құрамындағы құбылыстарды ең негізгі үлен арнаға бөлді. Оның біріншісі – фразеологиялық түйдектер, екіншісі – фразеологиялық тіркестер деп аталады. Фразеологиялық тіркестер өз ішінен екіге бөлінеді: а) түйін тіркес; ә) түйіс тіркес» деп тұжырымдады.

Қазақ фразеологиясы өзінің алғашқы бастауын С.Аманжолов еңбегінен алады. Ғалым «Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы» атты еңбегінде сөйлем мүшелерін талдау барысында, баяндауыштардың құрамында келетін «идиомдық баяндауыштарды» қарастыра отырып, «Жалпы тұрақты тіркестерді екіге бөлуге болады: 1) Образды бейнелі құрама (идиомдық тіркес) Табаныңды жалтырат. Аузымен орақ орды... 2) Бейнесіз құрама (фразеологиялық тіркес) Ұрысқанын елең қылмады. Ол қырт етпеді. ... деп жазады. Кейінгі зерттеу жұмыстарында да осы ғылыми ой толықтырыла түседі.

Бейнелі фразеологиялық бірліктер – мағыналық тұлға. Заттық ұғымдық жағынан біртұтас болып жымдасып, тұтастыққа тұрақтылыққа жеткен, даяр қалпында жұмсалып, тіркес тиянақтылығы сақталатын, экспрессиялық-эмоциялық мән туғыза алатын номинативтік атаулар. Мысалы: алты аласы, бес бересі жоқ, аузына су тамызу, жатқан жыланның құйрығын басу, мұрнынан шаншылу, жағына пышақ жанығандай, аузын арандай ашу, аузын аша алмады, аузынан ақ май ағызды, аузына қақпақ болды, аузына құм құйылды, аузынан дүр шашты, ащы тері төгілді, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, аяғын аспаннан келтірді, аяғына шаң жұкпады, аяғына отырғызбады, аяғы аяғына жұкпады, аяғына тұсау болды, әйелі ұл тапқандай қуанды, әрбір ханның тұсында бір сұрқылтай, әңгіме бұзау емізер, әңгір таяқ ойнатты, әр азғынға бір заяал, әркімнің қолы өз аузына жақын, әр сакқа жүгіртті, әрі итеріп, бері жығып т.б.

«Язык киргизов (казахов) плавлен и красноречив, они остроумны и часто находчивы в вопросах и ответах, иногда даже удивительно ловки, и всяки, даже самый необразованный киргиз (казах) владеет языком в той силе, в какой мы это в Европе замечаем только у французов и у русских». Қазақ сөз өнеріне осылай таңданған ұлы ғалым В.В.Радлов XIX ғасырдың 70-жылдарында-ақ сөз маржанын жинап, бастырып шығарған. В.В.Радловтың «Түркі сөздігінде» 7500-ден аса фразалық тіркестер кездеседі екен.

Ал қазақ мақал-мәтелдеріне ден қойып жинап бастырған В.В. Катаринский мен П.М.Мелиоранский еді. Қазақ мақалдарын қағаз бетіне түсірушілердің алғашқылары Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин. А.Диваев пен И.Ибрагимовтың жинастырған мақал-мәтелдері Ташкентте 1889 жылы шығарылды.

Фразеологизмдерге идиома, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы – қос сөздер. Қазақ тіліндегі қос сөздер форма жағынан да, семантика жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Қос сөздер әдетте екі сөзді болады. Құрамында үш сөз бар қос сөздер сирек кездеседі. Қос сөздердің сыртқы белгілері: А) дефис арқылы жазылады: «тәлім-тәрбие», «бала-шаға», «үйме-жүйме», т.б.; ә) үтір: «ұзын арқан, кең тұсау», «ару, ардагер», «тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып» т.б.; б) қос сөздер қатарына даусыз енгізілуге тиісті «үлде мен бүлде» сияқты тізбектер «мен» жалғаулығымен туғандықтан сызықшаны да, үтірді де керек етпейді. Үтірмен бөліп жазылған қос сөздерді «күрделі қос сөздер» деп атауға болады. Қос сөздердің фразеологизмге ұқсастық белгілері көп.

Бұдан кейінгі кездерде А.Баржаксиннің құрастыруымен 1923 жылы «Бір мың мақал» атты жинақ шықты. 1941 жылы «Қаһарлы сөз қамал бұзады» кітабы жарияланды. Ө.Тұрманжановтың «Қазақтың қанатты сөздері» 1960 жылы шықты. Бұл жинақтардың мақсаты – қазақ сөз маржанын көпшілікке ұсыну, көрсету еді. Мұнда мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жайлы теориялық мәселелер қозғалмады, бірақ осы жұмыстармен-ақ тілдің шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтеріне көңіл аударып, ден қою басталып еді.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді арнайы теориялық тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың ортасынан баталып, бүгінгі күнге дейін зерттеушілер назарына ілігіп, зерттеу объектісіне айналып, әлі толастамай келеді. Осы уақыттағы зерттеулерді шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болды:

1. XX ғасырдың ортасы – 40-50 жылдар қазақ фразеологиясын теориялық жағынан зерттеудің алғашқы кезеңі.

2. 60-70 жылдар қазақ фразеологизмдерін классификациялау, жеке авторлар еңбектеріндегі фразеологизмдер жайы.

3. 80-ші жылдар – фразеологизмдерді жан-жақты зерттеу. Қазақ фразеологизмдерінің өзге тілге аударылуы мен басқа тілдегі фразеологизмдердің қазақ тілінде берілуі жайлы.

4. XX ғасырдың соңғы он жылы 1990-2000 ж. фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу және салғастырмалы фразеология.

Қазақ фразеологиясын тілдік тұрғыдан зерттеуге алғашқы кезеңде ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы аса көрнекті тілші ғалымдардың дені түгел назар аударған

еді. Қазақ филологиясының тілші- ғалымдары Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов, Р.Сәрсенбаевтар фразеологизмдердің теориялық-практикалық мәселелері бойынша алғаш тұжырым жасаушылар болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Байқап қарасақ, түр-түс атауларын етістікке айландырып та, тіл мүмкіншіліктерін дамытып, қолданыс өрісін кеңейте түсіруге де болады. Сондықтан да бұл тәрізді фразеологизмдердің сөз шеберлеріміздің бейнелеу тәсілдерінде көркем образ, портрет жасауда алатын орны ерекше зор. Мысалы, із жоғалту, көзге ұру, қырымға қарау, титығы құру, табанынан тозу, намысқа шашу, тілін безеу, басқа шауып, төске өрлеу; араны тоймау, шылбыр беру, шаужайынан қағу, табанынан таусылу сияқты қимыл, іс-әрекетке қатысты тұрақты тіркестер – қазақтың жалпы халықтық тілінің ертеден келе жатқан мұрасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым. 1977.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы.
3. Кеңесбаев І. пен Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика – Алматы: Ғылым. 1992.
4. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым. 1998.
5. Тұрманжанов Ә. Қазақтың қанатты сөздері. – Алматы: Ғылым. 1960.